



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

## Жастар практикасы: Әрекетке – берекет

Қазір елімізде 505 мыңға жуық жас оқу да оқымайды, жұмыс та істемейді. Өткен жылы бұл НЕЕТ санатындағы азаматтар екі есе аз еді. Биыл жастар саясатындағы өзгерістерге байланысты жас мөлшері 35 жасқа дейін ұлғайтылды. Сәйкесінше көрсеткіш те аспандады. Олар неге әлі күнге дейін бос кезіп жүр? Әлде «Жұмыс істегісі келген жол іздейді, қалғаны сылтау іздейдінің» кебі ме?

Мемлекеттің экономикалық әлеуеті халықтың қаншалықты жұмыспен қамтылғанымен өлшенеді. Демек, кез келген елдің даму жолында екі қолға бір күрек таппай сенделгендердің тигізер әсері зор. Қазақстандағы саясаттанушы, әлеуметтанушы, психологтердің пікірінше, жұмыссыз жастар суицидтің, ажыра-

нң дәмін татады да, нашақор санатына қосылғанын білмей қалады. Қазір есірткінің де түрі өзгерді ғой. Сондай-ақ синтетикалық заттарды қабылдау үшін оны сатып алу схемасы да басқаша, – деді Денсаулық сақтау министрлігінің «Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығы» Павлодар қаласындағы филиалының аға дәрігері Шайзат Тілеубаева.

«Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы былтыр жасаған әлеуметтік зерттеуін бағдарласақ, орталық жүргізген сауалдамаға жауап берген азаматтардың 61,1%-ы жұмысқа орналасуда кездесетін ең басты қиындық ретінде жұмыс тәжірибесінің жоқтығын атаған. Ал үштен бір бөлігі ЖОО мен кәсіптік оқу орнында

жылға дейін ұзартылған. Осы бір жылдың ішінде жастар 100 мың теңгеге жуық айлық алады. Сонымен бірге «Алғашқы жұмыс орны» деген бағдарлама да бір жарым жылға дейін ұзартылды. Бұл бағдарлама бойынша да жастар 100 мың теңгеге дейін айлық алады», деді А.Көлгінов.

«Жастар практикасы» жобасының мақсаты – университет пен колледж бітірген азаматтарды мамандығы бойынша жұмысқа орналасуға көмектесу. Яғни олардың тәжірибе жинақтап, белгілі бір қызметке бейімделуіне жәрдемдесу. Тек бір ескере кететіні жобаға оқу бітіргеніне 3 жылдан аспаған маман ғана қатыса алады. Әрі жастар ауыр кәсіпорындар мен зиянды, қауіпті жұмыстарға жіберілмейді.



## Қазақстанда энергия тиімділігін арттыру жоспары әзірленеді

Президентке еліміздің отын-энергетика кешенінің негізгі даму көрсеткіштері, жанар-жағармай нарығын үздіксіз қамтамасыз ету шаралары, сондай-ақ ірі мұнай-газ жобаларын одан әрі дамыту мәселесі туралы баяндалды. Алмасадом Сәтқалиев ішкі нарықты газбен қамтамасыз ету және жалпы газ саласын дамыту шаралары жөнінде мәлімет берді.

Биыл Қазақстанда тауарлық газды үнемдеп тұтынуды ынталандыру үшін энергия тиімділігін арттыру жоспары

әзірленеді. Сонымен қатар, министр генерация секторындағы жобаларды жүзеге асыру, электр энергиясының тапшылығын жою, электр энергетикасы саласын реттеу тәсілдерін жетілдіру және нарықты дамытудың жаңа моделін енгізу перспективалары туралы ақпарат берді.

Президент еліміздің энергетика инфрақұрылымын одан әрі жаңғыртудың, сондай-ақ мұнай-газ жобаларын уақытылы жүзеге асырудың маңызды екеніне назар аударды.



су фактілерінің көбеюіне негіз. Сондай-ақ нашақорлыққа, ішімдікке салынуға бейім келеді екен.

– Өткен жылғы статистика бойынша республикада 18085 адам нашақорлыққа қатысты тіркеуде тұрған. Оның 97-сі көмелет жасына толмаған жастар. Бұл бізге белгілісі ғана, есірткіге әуес жандардың қатары біз ойлағаннан да әлдеқайда көп болуы ықтимал. Өйткені есірткі бір-ақ рет дәмін татқаннан-ақ адамды еліктіріп әкетеді. Міне, адамдардың нашақор болу себептерінің бірі сонда жатыр. Танысы, бір рет дәмін татсаң немесе иіскесең, шексең есірткіге тәуелді болмайсың, қиындықтардың барлығын ұмытасың, ләззат аласың, жаның тыныштық табады деген арбау сөздерімен жаман жолға тартады. Ал әлеуметтік қиындықтардан, отбасындағы ұрыс-керістен, жұмыссыздықтан немесе қызметіндегі жанжалдан шаршаған азамат қиындықтан аз уақытқа болса да «қашып кетуді» ойлап, есірткі-

алған мамандық бойынша орналасудың қиын екенін айтқан. Шенділер бұл проблеманы одан әрі күрделендіріп алмас үшін жыл сайын жаңа бастамаларды іске қосады. Ал нәтиже берген жобалардың мерзімін ұзартып, аясын кеңейтеді. Соның бірі – жастар практикасы. Бұл туралы Премьер-министрдің орынбасары Алтай Көлгінов хабарлаған еді.

«Мемлекеттік жастар саясаты жөнінде заң қабылданды. Оның бірнеше жаңа нормалары бар. Егер бұрын жастар санатына 29 жасқа дейінгі азаматтар кіретін болса, қазір 35 жасқа дейін ұлғайтылды. Демек, жастарға арналған механизмдерді қолданатын азаматтардың саны едәуір артты. Егер бұрын жастар категориясына 3 млн 700 адам кірсе, қазір 5 млн 700 мың адам кіреді. Яғни олар осы нормаларға, осы қолдау тетіктеріне ие болады. Сондай-ақ «Жастар практикасы» бағдарламасына сәйкес, бұрын жастар жарты жыл өтетін болса, қазір ол бір

– Жасыратыны жоқ, кез келген жұмыс беруші, маманның тәжірибесіне аса мән береді. Жаңа ғана оқу орнын бітірген адамда қайдан тәжірибе болсын. Салдарынан кей жоғары білімі бар студенттер жұмыс таба алмай сандалып қалады. Осы орайда жастар практикасы оларға үлкен мүмкіндік. Бұл ретте бос қаңғып жүрген маманды қабылдаған жұмыс орны да ұтылмайды. Себебі олардың еңбекақысын мемлекеттің өзі өтейді. Ал бір жылға қызметке кіріскен азамат болса, тәжірибе жинақтайды. Өзім дәл осы жобамен бірнеше жасты қатарыма қабылдадым. Практика кезінде өздерінің қарым-қабілетін шыңдап, жақсы тұсынан көрінгендерді тұрақты жұмысқа алдым. Тек боллашақта Үкімет бұл бағдарламаға бөлінетін квота санын арттырса екен деген ұсынысым бар, – деді Қазақстан Жастар конгресінің атқарушы директоры Тоқтар Болысов.

«Созақ үні»-ақпарат.

## Виртуалды музейдің мүмкіндігі

Кірістің көзі–туризмде. Мұны жақсы білетін елдер туризмге қомақты қаржы бөлсе, туристік компаниялар арасында бәсекелестік қызып тұр. Ал туристер көбіне-көп бұрын-соңды көрмеген, таңсық дүниелерге қызығады. Мысалы, қазір музейдегі экспонаттарды тамашалауға таптырмайтын виртуалды мұражай веб-сайтары бар. Бұл да болса, өлкенің мәдени-тарихи мұраларын қашықтан тамашалауға мүмкіндік береді.

Мұндай музейдің артықшылығы – экспонаттарды әр қырынан жақындатып немесе алыстатып көруге мүмкіндік береді. Виртуалды музей тарихи ескерткіштердің ұзағырақ сақталуына септігін тигізеді әрі қонақтарға тиімді. Неге десек, кез келген азамат виртуалды мұражайдан экспонаттарды тез әрі анық көре алады. Осыған қарап-ақ виртуалды мұражай ерекше қабілетті жандарға қолайлы екенін білуге болады.

– Мета-виртуалды музейі – бұл виртуалды шындық, интерактивті технологиялар және әлемнің кез келген жерінде қолжетімді мұражай кешенін құруға арналған құрал. Кәдімгі музейлердің орналасқан аумағына және экспонаттардың санына қарай шектеулер болса, мета-виртуалды музейдің мүмкіндігі мол. Онда барлық экспонаттың сандық көшірмелері, сондай-ақ виртуалды көрмелер мен экспозициялар болуы мүмкін», – дейді Ә.Серікбаева.

Осы форумға ғылыми ұйымдардың қызметкерлері, мұғалімдер, шығармашылыққа ден қойған зиялы қауым, музей, архив, кітапхана мамандары, жас ғалым, түркі әлемінің тарихы мен мәдениетін зерттейтін студенттер, магистранттар мен докторанттар және басқа да мүдделі тұлғалар қатысқан. Форум соңында Мәдениет және спорт министрлігі креативті индустрияларды дамытуға жауапты уәкілетті орган болып белгіленсе, Kazakh Tourism-де креативті туризм департаменті ашылғанын білдік. Демек, елде креативті секторды дамытуға, креативті кәсіпкерлердің өнімдерін экспортқа шығаруға басымдық беріледі.





## Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша тиісті шаралар ұйымдастырылды

Түркістан облысының полициялары тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, жол бермеу мақсатында жүйелі жұмыстар атқаруда. Осы бағытта Созақ аудандық полиция бөлімі Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобының инспекторы полиция майоры Айжан Манапова тиісті шаралар ұйымдастыруда.

Аудан аумағында мүдделі мемлекеттік органдар, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерімен бірлесіп, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында тұрғындар көп жиналатын орындарда әйелдерге профилактикалық түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Сондай-ақ зорлық-зомбылықтан зардап шеккен жағдайда не

істеу керектігі көрсетілген іс-қимыл алгоритімі жазылған ақпараттық жадынамалар таратты.

Өз кезегінде полициялар тұрмыстық зорлық-зомбылық деректерін байқасаңыз немесе құрбаны болсаңыз «102» нөмері мен дағдарыс орталығына хабарласуды ескертеді.

## Ақпараттық түсіндірме жұмыстары жүргізілді

Созақ аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен Тасты ауылы мен Қыземшек кентінің тұрғындарымен жастарына мемлекеттік бағдарламалар бойынша сауда орталығында ақпараттық түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Түсіндірме жұмыстарының мақсаты – жұмыссыз жастарды жұмыспен қамту, кәсіпкерлік бағдарламалары мен тұрғын үй жөнінде ақпараттармен таныстыру.

Түсіндірме жұмыстары барысында базар жастарына мемлекеттік жұмыспен қамту бағдарламалары: «Жастар



практикасы», «Алғашқы бос жұмыс орны» және «Ұрпақтар келісім-шарты» жөнінде ақпараттар берілді.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жоба шеңберінде іске асырылатын шағын несие 21 жасан 35 жасқа дейінгі жас кәсіпкерлерді қолдауға бағытталған 2,5% несие жөнінде де толыққанды мағлұматтар айтылып, жадынамалық парақшалар тарқатылды.

## МЕН ТАҢДАҒАН МАМАНДЫҚ



Созақ аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен І.Кеңесбаев атындағы жалпы орта мектебінде арнайы сала мамандарымен кездесу өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – оқушыларға болашақ мамандық және оқу бағдарын таңдауда көмектесу – мамандық әлемі және оның ерекшеліктері туралы дүниетанымын кеңейту.

–Оқушылардың өмір туралы, мамандықтар туралы көзқарасын дамыту –алдағы уақытта мамандық таңдауда дұрыс жолда болуына себепкер болу, таңдаған мамандығының өз бейімділігі мен қабілетіне сәйкес келуін нақтылау, өз-өзін танудың жалпы әзірлігін қалыптастыру.

Кездесуге мектептің 9-11 сынып оқушылары қатысты. Арнайы сала мамандары

өздерінің мамандықтарының қызықшылығымен қиыншылығын түсіндірді. Мамандар арасында Мектеп инспекторы Бейсенбі Арна Қуанышқызы, Теолог маманы Қосмаханов Қуаныш Елубайұлы, «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің заңгер маманы Жарымбетов Болат Есейұлы және педагог-психолог маман Ыдырысова Құралай Мұхтарқызы оқушылардың мамандық таңдауына көмек ретінде түсіндірме жұмыстарын жүргізіп кеңестерін айтып өтті.

Кездесу барысында әр сала мамандары өз мамандығының білікті маманы болу үшін өз тараптарынан оқу орындары жайлы қысқаша мәлімет беріп өтті. Сонымен қатар, Оқушылар тарапынан көптеген сұрақтар қойылып, пікір алмасу жүргізілді

**Аудан әкімінің баспасөз қызметі.**

## Қазатомөнеркәсіп басшысы Қазақстанның оңтүстігіндегі уран өндіруші кәсіпорындарға барды

Қазатомөнеркәсіптің басқарма төрағасы Ержан Мұқанов жұмыс сапарымен компанияның негізі өндірістік объектілері орналасқан Түркістан облысында болды.

Атом холдингінің басшысы Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды және Созақ ауданының әкімі Мұхит Тұрысбековпен кез-

жұмыс беруші және салық төлеуші ретінде өзінің барлық міндеттемелерін орындап, медицина, білім, мәдениет және спорт саласындағы маңызды жобаларды қаржыландыру арқылы Созақ ауданы мен Түркістан облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына белсенді қатысады.

Сапар барысында Ержан



десулер өткізіп, өзара тиімді ынтымақтастықты дамытудың өзекті мәселелері мен перспективаларын талқылады.

Әлемдегі ең ірі уран өндіруші компания және атом саласының көшбасшысы ретінде «Қазатомөнеркәсіп» өзі қатысатын өңірлердің қоғамдық дамуындағы рөлін және қоршаған ортаға, халыққа және тіршілік әрекетіне әлеуетті әсерін терең түсінді. Компания ірі

Мұқанов «Қазатомөнеркәсіп-Сауран» ЖШС, «Орталық» ӨК» ЖШС, «Инкай» БК» ЖШС, «Аппак» ЖШС сияқты уран өндіруші кәсіпорындардың өндірістік объектілерін, кеніштері мен вахталық кентерін аралап, ірі инвестициялық жобаларды іске асыру барысымен, сондай-ақ қызметкерлердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларымен танысты.

**Нуржамал МАЙУСОВА.**

## ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАП ЖАРЫСАЙЫҚ

Созақ аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің Созақ ауылдық жастар ісі жөніндегі әдіскері және Созақ ауылының жастарымен бірлесе «Жақсылық жасап жарысайық» қайырымдылық акциясы өтті.

Іс-шараның мақсаты қоғамда, ескең ұрпақ арасында мейірімділік, қамқорлық сезімін қалыптастыру, аз қамтылған отбасыларға көмек көрсету, достық, бірлікті нығайту.

Қайырымдылық – халқымыздың ең ізгі қасиеттерінің бірі. Адам өміріндегі ең игі істердің бірі – мұқтаж жандарға қамқорлық жасау. Адамдар бір-біріне қайырымдылық, мейірімділік таныту арқылы жақсылық жасайды. Қамқорлықты қажет ететін жандарға қол ұшын беру арқылы адам баласы жақсылыққа қадам басады. Қайырымдылық жасауды қаржылай көмек көрсету ғана деп ұқпау керек. Сөзбен де, іспен де, басқа жолдармен де қайырымдылық жасау – борышымыз.

Іс-шараның барысында 10 тұрмысы төмен отбасыға бір реттік азық-түлік жеткізілді. Жастар үлкендердің батасын алып қайтты.



Қазіргі уақытта әлеуметтік желі өміріміздің бір бөлшегіне айналғандығы анық. Оған дәлел қазіргі таңда елімізде интернет пайдаланушылардың саны жыл санап артып келе жатқандығы. Ғаламтор ғылым мен техниканың шынайы жетістігі. Интернетті қолдана алатын кез келген адам өзіне қалаған ақпарат мен мағлұматты тауып, қажетіне жара алады. Мазалап жүрген сауалдарының жауабын табады. Әлемдік жаңалықтар мен оқиғалардан хабардар болып отыруға көмектеседі. Бұл жағынан интернет адамның білімі мен қабілетін, тұлғалық қасиеттерін дамытуға ықпал

Осыдан бас тартып, уақытын үнемдей алу, тәуелділіктен арылу желі пайдаланушысына оңайға соқпайды. Бұл да адамның өзін өзін ұстауына, жеке тәрбиесіне, тәртібіне байланысты.

Желіні пайдаланушылар да біркелкі емес. Олардың арасында негатив таратушы, өмірден түңілгендер аз кездеспейді. Сондықтан әлеуметтік желіні өлшемді пайдаланып, осы құрал ұсынатын пайдалы жақтарын өз қажетімізге жаратуға бейім болу керек. Достардың бөліскен пайдалы кеңестер, жазбалар, сілтемелерін егер өзіңіз уақыт жұмсап іздесеңіз

меттік желілерде келген хат-хабарламаларды бөлісу. Қоғамды алаңдататын мәселелердің бірі – жастардың теріс ағымға арбауы. Себебі әлеуметтік желінің қолжетімділігі теріс ағым идеологиясының кеңінен таралуына тиімді болып отыр. Әлеуметтік желілер әсіресе жастарды тура жолдан тайдыратын теріс ағымдардың негізгі құралына айналды. Әлеуметтік желілер жастардың құндылықтар жүйесіне және экстремистік көзқарастардың қалыптасуына әсер етудің маңызды факторына айналуда. Бүгінгі таңда радикалды діни топтардың түрлі айла әдістерді қолдану арқылы жастарды өз

## Шетелдік діни уағызшылардың қауіптілігі

Дәстүрлі емес діни ағымдардың санының көбеюі адамдардың діни сауатының жоқтығынан немесе сауатының аздығынан туындайды. Дінге толық таныммен келмеу діни сауатсыздықтың басты көрінісі болып табылады.

Ғаламтор кеңістігіндегі экстремистік идеялар тарататын сайттардың еркін қолжетімділігі де маңызды себептердің бірі. Жалпы, елімізде интернет пайдаланушылардың саны 12 миллионнан асып жығылыпты. Бұл халықтың 70 пайызы деген сөз. Сондай-ақ осыдан бес-алты жыл бұрын ғаламторда жастар көбіне ресейлік «Мой мир», «ВКонтакте» желісін пайдаланса, кейіннен «Фейсбук», «Инстаграм», «WhatsApp», «TikTok» секілді қосымшаларды пайдалана бастады. Қазір ұялы байланыссыз жүрген жастарды көрсек, таңырқайтың болдық. Әлеуметтік желіде көрген-білгендерін қызықтап, қажетті ақпараттармен бөлісіп, фото орнату, лайк басу, пікір білдіру, селфи жасау үрдісі қалыпта дағдыға айналды.

Сенім сергелденіне түсіп, түрлі діни ағым, топтардың сонында адасып жүрген жастар мен олардың қылығы бүгінде қоғамның зардап шегуіне, жаншашырлық жағдайға әкелуде. Әлеуметтік желілердегі дүмше догмаларға сеніп, дәстүрін алға тартқан қазақ арасында дау шығарып, бүлік тудырып жүргендерді де көзіміз көріп, құлағымыз естіп жүр.

Бүгінде ғаламтор желісінде дін насихатшыларының саны артқан, олардың ішінде дұрысы да, бұрысы да бар екенін ескеру қажет. Шет мемлекет азаматтарының діни және саяси насихаттарын тыңдауда сақ болу керек. Себебі Таяу Шығыстағы қақтығыс аймағына кеткен содырлардың 80 пайызы шет елдің дін насихатшылары арқылы таралған.

ҚР аумағында уағыздарын тыңдауға тыйым салынған уағыздаушылар: Мамуржан Хайыметов, Октам Абу Абдуджаббаров, Дильмурад Абу Мухаммад, Абу Яхья Крымский, Ринат Абу Мухаммад, Абу Умар Саситлинский, Абдулла Кустекский т.б.

Бұл уағызшылардың құралы ғаламтор бетінде түрліше пәтуа беру болып отыр. Теріс пәтуалар адамдарды экстремизмге итермелейтін күшке ие, себебі, діндегі пәтуа қоғамдағы діни ахуалға тікелей әсер ете алады. Теріс пәтуа беруші адам сол арқылы қоғамға іріткі салуға, қақтығыстар туғызуға себепкер болуы ықтимал.

Арбаушылар ойын жүзеге, өз қатарындағы адам санын көбейту үшін, «әлеуметтік желілерде» алдымен топтар, парақшалар ашып, онда ең алдымен әдемі табиғаттың, жан-жануарлардың, әдемі киінген ұлдардың немесе қыз-келіншектердің суретін жариялап, тіркелушілері көбейген сәтте теріс бағыттағы діни мазмұндағы ақпараттарды жүктеп таратумен өз ықпалдарына түсіреді.

«Адамды түсіне қарап таныма, істеген ісіне қарап таны», дегендей, халықты дәстүрінен, дінінен бұра тартып, өздеріне тәуелді етіп жүрген ағымдардың жетекшілері де уағыздарын осы әлеуметтік желілері арқылы жүргізуде. Бүгінгі таңда қауіпті діни ағымдардың жетегінде жүргендердің көпшілігі осы әлеуметтік желілердегі жазбаларға имандай сеніп, адасып жүргені айқын. Бұл мәселедегі ең қиыны ғаламторды тиімді пайдалана отырып, жиһадқа шақыратын, билікке қарсы қоятын т.б. осы мазмұндас топтардың, сайттардың саны күннен-күнге артуы.

Сондықтан да ғаламтор арқылы арам пиғылын жүзеге асырғысы келетін арбаушыларға алданбау үшін сауаттылық керек. Қазақстанның әрбір азаматы өзінің діни сауатын арттыруға мән беріп, рухани және ұлттық құндылықтарды дәріптеуге өз шамасының жеткенінше атсалысатын болса елдің ішкі тұрақтылығы мен бүтіндігіне ешқандай жат пиғылды уағызшылар сызат түсіре алмай анық. Дегенмен мұндай халықтың руханияты мен ұлттық құндылықтарына, елдің ішкі тұрақтылығы мен тұтастығына қауіп төндіретін мәселеде тек кәсіби мамандар ғана емес, елін сүйген әрбір азаматтың күш салып, атсалысқаны жөн.

Сондай-ақ ғаламтор арқылы лаңкестік пен экстремизм идеологиялары және басқа да түрлі жат пиғылды ағымдарға қарсы жастар арасында иммунитет қалыптастыру – маңызды міндет.

## Әлеуметтік желінің жастарға кері әсері

етеді. Оған дәлел ес білген баладан бастап, егде жастағы қартқа дейін ұялы телефон қолдануы. Әлеуметтік желіде шек жоқ. Алыста жүрген ата-анаңмен де, туған-туыстарыңмен де емін-еркін байланыс ұстайсың, сөйлесесің, хабарласасың. Тіпті, адамдардың қолы жетпейтін жерге осы ғаламтордың қолы тиіп тұр. Көрісе алмаған адамыңмен ғаламтор арқылы байланыс орнатасың.

Әлеуметтік желі арқылы танысып, отау құрып жатқандар аз емес, осы құралды пайдаланып жұмыс іздеу, табу да жеңілдеді. Жұмыс орнына орналасуға өтініш беріп, үй кезекке тұру, несиені рәсімдеу сынды уақыт үнемдейтін, жанға жайлы жағымды тұстары да жетерлік. Алайда шамадан тыс қолданған жағдайда, зиянды деген тұстарыда жеткілікті. Ең әуелгісі шамадан тыс отыру денсаулығына, жүйке жүйесіне, көздің көру қабілетінің төмендеуі, омыртқалардың қисаюына әкеледі. Шаршағыштық, әлсіздік бойын басып, сөйлеу қабілетін нашарлатады. Кей адамдар виртуалды өмірдегі таныстыққа беріліп кеткендігі соншалықты, отбасы мүшелерімен, әріптестерімен, достарымен аз тілдесіп, оларды тіпті байқамай қалуы мүмкін. Кейбір жастардың көп уақыты желіде өткен соң, жұмысы, оқуы кейінге қалып ақсай бастайды.

қаншама күннің сарп болатынын есептеп шығу қиын емес. Айталық, досыңыз сілтемесін бөліскен қызықты кітаптың, киноның дүниеде бар-жоқтығынан бейхабар болғандығыңызды еске алсаңыз да жеткілікті. Бұл – әлеуметтік желінің жақсы тұстарының бірі. Оның білімді жетілдіруге, біліктілікке бағыттау – біздің міндетіміз. Онлайн кітаптар мен аудиожазбалар арқылы заман ағымында желіні жақсы пайдалана білу қажет. Әлеуметтік желі – коммуникация құралы. Азаматтарымыз әлемдік үрдістен тыс қалып жатқан жоқ, көш бастап отырған барлық әлеуметтік желіге тіркеліп, пайдаланып әр түрлі санаттағы ақпараттарды алып жатыр. Ол түсінікті де, өйткені әлеуметтік желі арқылы адамдар өзінің ішкі сұранысына қажетті барлық ақпараттарды алып, ақпарат таратып, басқа адамдармен танысып, жарнамалар беріп, өз қуанышымен бөлісе алады. Қазіргі кезде әлеуметтік желі пайдаланушылар арасында елдің үрейін ұшырататын ақпараттар таратып, әр түрлі заң бұзушылыққа жол беретін, арнайы топтар құрылып, оны пайдаланушылар артауда. Бұл өз кезегінде әлі ой-қабілеті толығымен қалыптаспаған жастардың дұрыс тәрбие алуына кері әсерін туғызатыны белгілі. Солардың бірі қазіргі таңдағы астарына бармай әлеу-

қатарларына тарту түрлері аз емес. Әсіресе, жастарға ықпал ету мақсатында пайдаланушылар саны көп «Facebook», «VK», «Instagram», «YouTube» желілері бойынша және түрлі мессенджерлер арқылы, экстремистік және террористік идеяларды насихаттайтын аудио және бейне роликтер, әдебиеттерді тарату мен насихаттау, мотиваторлық жариялымдарды кеңінен шығару арқылы өз идеологияларын таратуда. Діни радикализм мен экстремизм идеологиясы қоғам санасына әлеуметтік желілер мен электронды қосымшалар, әр түрлі сайттарда көрсетілген теріс мәліметтер арқылы ақпараттық-психологиялық әсер етуде. Соның салдарынан дұрыс ой-қабілеті қалыптаспаған жастардың санасында отанға деген сенімсіздікті, отансүйгіштік сезімнің болмауын, отбасы ішіндегі келеңсіздіктерді, қоғамның екіге бөлінуін тудырады. Әлеуметтік желі тек қатынас құралы ғана емес, адамның өзіндік келбетін қалыптастыру, өзін өзгелерге таныту және жұртпен білетінін бөлісу алаңы. Сонымен де құнды. Ендеше оны жақсы тұстарын қажетіне жарату әркімнің өз еркіндегі дүние екендігін көреміз.

**Е.ЕШТАЙ,**  
**«Оңалту жұмыстарын ұйымдастыру» бөлімінің маманы.**

## Өзгенің қаңсығы, бізге таңсық па?

Өркениеттер өрге өрмелеп, жаһандану жаһандап тұрған заманда, өзгенің дегенімен жүріп, өткенімізді ұмыттырып, болашағымызды бұлықыр еткісі келетіндер ел арасында жоқ та емес. Солардың біразы өзгенің қаңсығын, таңсық санап, өркениетті елдер көшінде соғында келе жатырмыз деп дабыл қағатын кейбір жастарымыз да бой көрсетіп жүр. Сақтардан қалған – салтты ұмытып, Ғұннан қалған – ғұрпымызды дұрыс емес деп, шет елдердің түкке тұрғысыз адамның дамуына емес, азындауына жол ашып жатқан түрлі мерекелерді ұлықтап, оған қазақы реңк беруге тырысып жатқандар аз емес.

Тәуелсіздіктің төл өнімдері қазіргі таңда «Әулие Валентин», «Хэллоуин» және тағы да басқа салтымызбен сабақталмаған, ғұрпымызбен үндеспейтін, дінімізбен дәйектелмеген жаңа мейрамдарды ортаға шығарып, оны мейрам ретінде қабылдап, сол бір күндерді босқа өткізіп жүрген жастарымыздың бүгінгі хәліне үңілсек, жағдайымыздың қиын екендігін түсінуге болады.

Ал «Әулие Валентин» күніне келетін болсақ, өз-Наурыздың алдын орап, жастардың тағытсыздана күтетін мейрамдарының біріне айналды. Елімізде 14-ақпан ресми мейрам күні деп жарияланба да, халықтың бір тобы бұл күнді мейрам деп есептейді.

Өткен ғасырдың 90-жылдарынан бастап Батыста жаппай тойлана бастаған мейрам, тәуелсіздік жылдары батыстың ықпалымен біздің елде тамырын тереңге жайып үлгерді. Енді оған бұғау салу қиынның қиынына айналып барады. Еуропализацияның, жаһандық ақпараттың осы мерекені насихаттап жатқаны біздің жастарға кесел болып

жабысты.

Әулие Валентин күнінің шығу тарихына үңілетін болсақ әр түрлі ойлар, пікірлер бар. Бұл жайттың өзі бұл мейрамның қандай да бір құндылықтың негізі екендігін қарсы жауап беріп тұрғандай.

Біріншісі – Рим императоры Юлий Клавдийдің сарбаздардың үйленуіне тыйым салған заңын бұзып, некелескені үшін өлім жазасына бұйырылған адам. Ал осы оқиғадан 200 жыл өткеннен кейін екінші император Геласиустің шешімімен «Әулие Валентин» күні мерекеленген.

Екінші бір діни аңызда – Валентиннің дін қызметкері екендігі, христиандарға көмектескені үшін түрмеге қамалғаны, осында жатып оның түрме қызметкеріне ғашық болғаны, оның жазаға тартылып, басының шабылғандығы айтылады.

Үшінші–Валентин ешкімге ғашық болмаған. Христиан дінінің қызметкері болған оның не үшін жазаланғаны белгісіз. Тек ол өлім жазасына кесілгеннен кейін «Әулие» деп жарияланған.

Әулие Валентин күні жастарды жеңіл жүріске, неке мен отбасылық өмірге жүрдім-бардым қарауға, бос уақыт өткізуге, ысырапшылдыққа жол беруден басқа берер түгі жоқ. Валентин күні «әулиеліктің» емес, әсіреліліктің мейрамы деп ұғынса игі еді. Сондықтан мұндай мейрам ұлтымызға да, дінімізге де жат. Бірін-бірі шын сүйген адамдар үшін арнайы бір күннің қажеті жоқ екендігін ескерткіміз келеді.


**А.ТАҒАЙ,**  
**Түркістан облысы Дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ бөлім басшысы м.у.а.**

**Б.ӨТЕГЕН,**  
**«Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ дінтанушы-теолог маманы.**

Аманжол ағаны еске алу шарасында төрге шығып сөз алған кісілердің арасында ағайындары мен ауылдастарын қоспағанда, біршамасы Аманжол ағамен көзі тірісінде кездесіп, жүздеспегендер қатарынан екен. Тек сыртынан ғана білетіндер болып шықты. Құдайға шүкір мен қазақ жұртына, қала берді түркі жұртына танымал әйгілі этнодизайн саласының қайраткері, Өзбекәлі Жәнібековтің шәкірті, Созақтың төл тумасы Аманжол Найманбайұлымен төрт рет кездесіп, жүздестім. Соның соңғы сәтінде Шолаққорған ауылына келген соңғы сапарында әңгімелесіп үлгердім. Мен көбіне сұрақ қойған жоқпын. Жалпы өмір жолы, дизайн деген неңдей ғылым? Бүгінгі күні бұл салаға не жетіспейді осы

дың бөгеті бұзылып, шалқар шабыт дарияға айналып, кездескен кедергілерден құтылғандай тасқын өнер сарқырай жөнелді. «Әкенің қарғысы оқ», демекші қарғыс алмай, әкесінің ақ батасын алды. «Әкенің батасы-дүниенің көзі» дегендей жан дүниесі арқан мен кісеннен босағандай болды. Осылайша Аманжол Алматыға асығыс аттанды. Суретшілік ғұмырбаяны беттері жаңадан ашылды. Бала кезгі ақ арманы ақ шарбы бұлттай өнер әлеміне еркін жүзіп, шындыққа айналды. Осы өнер жолында Өзбекәлі Жәнібековтей азаматқа кез болды. В.Гвоздев сияқты жас талантты мойындаған хас өнердің шын шеберіне жолығып, өнер өлкесіне сұғына түсті.

Жоғарыда айтқанымдай



болмаған. Литваның Чюрленис деген атақты суретшісі музыкалық шығармаларға арнап картиналар жазған екен. Бүгінге дейін бүкіл өнерінің желісі сол күй болып қалады. Аманжол ағамыздың аздап домбыра шертетіні бар еді. Жақсы күйлерді рахаттанып тыңдай да, бағалай да алатын азамат болып қалыптасады. Күйші Секен Тұрысбеков-жақсы көретін рухани иісі болатын. Орайы келіп тұрған соң айта кетейік, 2011 жылдың соңында Созақ ауданының орталығы Шолаққорған ауылында Алматыда тұратын аудан азаматтарының қаражатымен 7 метрлік тастан қашап, домбыра, қобыз және кітапқа ескерткіш қойып, оған М.Әуезовтің «Созаққа барсаң күйшімін деме...» деген әйгі-

## Этнодизайн өнерінің эталоны

бағытта өз айтсаңыз дедім. Сөзін бөліп, айтар ойын бөліп әр жерден бір сұрақ қойғым келмеді.

Аманжол ағамыздың өз айтуы бойынша әкесі имандылық жолында бес уақыт намазын оқып, оразасын ұстап жүрген жан болыпты. Діндар кісі болған соң әнші, әртіс, деген ұғымдағы кәсіптерді онша қаламаса керек. Бір жолы ағасының қобзын жанып жатқан отқа лақтырып жіберген екен. Аманжолдың ауыл аймақтан ұзамай колхоз, совхозға есепші болуын қалап бухгалтерлік оқуға түсуіне әрекеттейді. Әке талабы заң деп ұғынған жас талап әке қалауымен есепшілік оқуына түскенімен жан дүниесі суретшілік кәсіпті қалап тұрады. Оның үстіне бұл өзі аңсаған мамандықты бір күнде қалай салған жоқ еді. Бала кезінен балшықтан мүсіншелер жасайын, тау ішіндегі әп әдемі, теп-тегіс жартастарға бормен сурет салатын. Балға мен үшкір қашауды өзімен бірге тауға ала шыққанымен жарта бетін темірмен орынсыз жаралағысы келмей, тек ақ бормен суреттер салатын. Ол уақытта бес жылдыз, Лениннің суреті, гүл, қыздың суреті, ұшақ, кемелердің бейнелерін салғанды ұнататын. Мүлгіген тау іші еріксіз шабыт шақырғандай, күн ұясына баяулап батуға таянғанша сурет әлемінен шыға алмай жататын. Сонымен қатар Аманжол ауыл мектебінде аз кем жыл ауыл мұғалімі қызметінде атқарды. Алайда көңіл түкпірінде суретшілікке деген бір үміт бүр жарып келе жатты. Осылай ұлы кәсіптің құдіреті мен қасиеті ақыры оқуын ауыстыруға жетеледі. Бір жылдан аса уақыт әкесіне аузы батып айта алмай жүрді. Анасына шет жағасын айтқанда анасы «әкеңе бір ауыз айтқаның дұрыс» деген соң, ақыры тәуекелге бел буып айтқан еді. Әкесі Аманжол ағамыз ойлағандай бұлқан-талқан болған жоқ. —Е, балам ертеңгі кейтін наның ғой. Тек адалынан нәсіп етсін!—деп бетін сипап аумин деп батасын беріп, арқасынан қақты. Осы сәттен бастап бұның жолында тұрған тасқын су-

Аманжол аға өнерге жастайынан бейім болады. Сол себепті де бала кезіндегі сәттерге қайта-қайта оралғым келіп тұрады. Бірақ олардың бала кезінде қалам-қағаз, қарындаш деген тапшы, бояу деген ұшпайды. Сосын не істейді?! Құдайдың берген тегін топырағы бар. Жердің бетіне, ойнап жүріп өзеннің бойындағы жарқабаққа пышақпен керттіп, оймыштап сурет салады екен. Ол жақтың топырағы әдемі, сазды келеді. Саздан түрлі жануарлардың мүсінін жасайды. Сабақ үстінде де дәптердің алғашқы және соңғы қаптамасындағы таза жерге оқулықтан көрген суреттерді салып отырады

нен дәріс алған. Аманжол ағамыздың өз анасы ісмер, тігінші кісі болған екен. Әрине, өзін көрген жоқпын, бірақ көзін көрген кісілердің айтуынша, анасының үлкен кісілерге сырттай тіккен киімі шап-шақ болып шығады екен. Ол кезде адамның, оның ішінде үлкен кісілердің денесін өлшеп жату деген өрескел көрінген ғой. Әкесінің де қолөнерге бейімі болған. Өз етігін өзі тігіп кие береді екен. Кейінгі шешесі Шорахан да кілем, алаша тоқитын ісмер кісі еді. Өнерге келуіме осының бәрінің ықпалы болғанға ұқсайды. Сурет салатын бояуды алғаш қолданғанда акварель бояуымен 8-сыныпта оқып

еңбектен, ал кешкі мектептің 9-сыныбына геометриядан сабақ беретін болды. Қысқасы азаннан кешке дейін мектепте болады. Алайда суретшілікті таңдауына әкесі қарсы болады. Бір жыл жұмыс істеген соң, 1967 жылы Ташкенттің халық шаруашылығы институтына түседі. Жоғарыда айтқанымыздай сурет өнерін таңдауына әкесі «Мынауың сайтанның жұмысы, оған үйір болма» деп қатты қарсы болады. Ол кісі бала Аманжолдың бухгалтер болғанын қалады, сол оқуға күштегендей қылып алып барды. Өзбекше оқу оған қиындау еді. Сосын әкесіне білдірмей, Алматыдағы ау-

лі қанатты сөзін жаздырады. Жанындағы гранит тасқа аудан атын асқақтатқан, Созақтан шыққан 18 тұлғаның есімдері жазылды. Жалпы сол жылдарға дейін Аманжол ағамыз 65 мұражай жасаған екен. Өмірде үлгі тұтар адамы да мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков аға болыпты. Өзбекәлі ағасының қасында бас аяғы 21 жыл жүреді. Өзбекәлі аға: «Шырағым Аманжол, сен ұлттың еңбек сіңіріп, артыңа игілікті іс қалдырғың келсе, жүзшілдік, рушылдық, жершілдік деген жексұрын нәрселерден аулақ бол. Жаныңа тек хас шеберлерді ғана жина. Оның ұлтына, жүзіне, руына қарама. Тек сонда ғана ісің өрге басады. Олай болмаса ол тар ауқымда қалып қоясың» дейтін. Ол кісінің өзі де осындай ұстанымда болған таза адам еді,-деп есіне алған екен. Өзбекәлі ағамызбен жолы қалай түйісіп жүр? десеңіз, 1974 жылы көркемсурет училищесін бітірген соң «Казторгреклама» деген мекемеде суретші болып жұмыс істеп жүреді. 1976 жылы Сәбит Мұқановтың мұражай үйі жасалатын болып, Өзбекәлі аға ұлттық бағытта жұмыс істейтін суретшілерді іздей бастайды да, біреулердің сілтеуімен Аманжол ағаны табады. Өзбекәлі ағамыз ол кезде Мәдениет министрінің орынбасары болатын. Өзағ осы мұражайды жасау үшін Мәскеуден Гвоздев деген суретшіні арнайы шақыртыпты. «Үй береміз, жаңадан ашылатын «Казмузейреставрация» деген мекемеге бас суретші бол» деп қолқа салған екен оған. Аманжолға мұражай жасақтаудың қыр-сырын үйреткен Гвоздев жұмысының нәтижесін көріп, Өзағқа сырттан маман мақтапты. «Мені Мәскеуден сүйрелеп, әурелеп қайтесіңдер, өздеріңде де жас таланттар бар екен, жұмысты алып кетеді» десе керек. «Әй мұрт, мына суретші сені мақтап жатыр ғой. Ендеше мойныңа ал осы жұмысты!»-дейді Өзағ. Осылайша Аманжол бүкіл өміріне өзек болған жаңа жұмысын бастайды. Сәбеңнің мұражайын жасақтап шығады.



екен. Алғашында мұғалімдер ескерту жасап жүреді, бірақ кейін түсінеді. Түсінгені сол, мектептегі қабырға газеттерін шығаруды да оқушы Аманжолдың мойнына іліп қояды. Барлық сыныптардың, сосын мектептің қабырға газетін шығарады. Одан сайын қолы жаттығады. Әкесінің әкесі Әбілқасым атасы үлкен имам болған екен. Бұхарадағы «Көкілташ» медресесінде Садриддин Айни, Тұрмағанбетовтермен бірге оқыған. Ауылда медресе ашып, бала оқытқан. Әкесі өз әкесі-

жүргенінде сурет салады. Кітаптан көшіріп немесе табиғаттың өзіне қарап отырып салуды үйрене бастайды. Ауылдық жерде қайдан үйірме болсын?! Кейінірек 8-9 сыныптарда қолына түрлі әдебиеттер тие бастады. Гуашь пайда болды. Мектепті 1966 жылы бітіреді. Ол кезде Тұрсынбай ағасы әскерде. Әкесі мүгедек, кейінгі шешесінен туған інілері бар, шиеттей бала-шаға. Сол себепті әкесі «биыл оқуға бармай қоя тұр» деді. Сөйтіп, ауылда мұғалім болып қалады. Сегіз жылдық мектепте сызу мен сурет салудан,

ыл шаруашылығы институтының экономика факультетіне ауысады. Ол жерде бір жарым жылдай оқып, ақыры Алматының көркемсурет училищесіне түседі. Оны әкесі кейін біледі. Ол сол кездері Алматыдағы бейнелеу өнеріне оқытатын бірден-бір оқу орны болатын. Осында төрт жыл оқып, суретші-график мамандығы бойынша бітіріп шығады. Дипломдық жұмысында Тәттімбеттің, Сүгірдің, Ықыластың, Төлеген Момбековтің күйлеріне графикалық суреттер салады. Бұған дейін Қазақстанда мұндай жағдай

-Мұражай жобасын алғаш көркемдік кеңестің қабылдаған кезі есімде. Кеңес төрағасы Әбілда Тәжібаев, мүшелері Мұхамеджан Қаратаев, Сәбеңнің біраз замандастары: Орталық мұражай директоры Райхан Қосманбетова, суретші Молдахмет Кенбаев, Алматы қаласының бас суретшісі, қазіргі мемлекеттік Туымыздың авторы Шәкен Ниязбеков және тағы басқалар болды. «Қалай болады екен?» деп қатты қобалжыдым. Алғашқы жұмысым. Алдымен Әбекең, Мұхамеджан аға сөйледі. Сонда Шәкен аға тұрып: «Менің айтар бір-ақ сөзім бар. Бұл бала сызбаларды қылқаламмен емес, жүрепке салыпты» деп тебірене пікір айтты. Кеңестің өзге мүшелері де маман суретшінің пікіріне ден қойды. Шәкен ағаның сол бір ағалық жанашырлық сөзі маған қанат бітірді. Осы көрініс әлі күнге есімнен кетпейді. Осыдан соң мұражай жасау ісіне біртіндеп бейімделе бастадым. 1978 жылдан бастап мұражай жасау ісімен толығымен араласып, 1981 жылы жаңадан ашылған «Каз музейреставрация» мекемесіне бас суретші болып қабылдандым. Сол кезден бастап Өзекеңнің тапсырмасымен қазақстандағы мұражайларда жаңғырту ісіне кірісіп кеттік, деген болатын алып тұлға.

-Көп адамдар мұражай дегенді деп мағынасын ұқпайды. Мұражай деген олғылым, ол-тарих, ол-мәдениет ошағы, ол-үлкен өнер. Қазіргі таңда мұражайларды жаңғырту-өте көкейтесті мәселе. Қай жерге барсаңыз да ол елдің кім екенін білу үшін алдымен мұражайына ат басын тірейсіз. Сондықтан Қазақстанның бүкіл табиғи және рухани байлығын көрсететін бірден-бір орын мұражай. Оны бір кемпіршалдар мүлгіп отыратын жер емес, керісінше, қозғалыстағы дүние ретінде көрсету керек. Міне, осы салада қызмет істегеніме қырық жылға жуықтапты. Осы жасыма дейін 65 мұражайдың жасалуына қатысыппын. Сол 65-тің ішіндегі 40-қа жуығы өзімнің авторлық жұмыстарым. Ал енді олардың әрқайсысының өзі бір кітап сияқты. Бір мұражай жасау үшін қаншама еңбегің, уақытың кетеді. Осыған қарап 65 кітап жазған Бальзактан кем емеспін ғой деп ойлаймын кейде,-деп жымия күлген бейнесі көз алдымызға келеді.

-Өзіме ерекше ұнағаны Қазақстан Композиторлар одағының мұражайы болатын. Мұқан Төлебаев көшесінің бойында еді, кейін бұзылып кетті. Сосын Қызылорда облысындағы Қорқыт атаның мұражайы. Шымкенттегі қуғын сүргін құрбандарының мұражайы да мен үшін қымбат, ыстық. Іргетасынан бастап бүкіл жобасын өзім жасап шықтым. Елбасы арнайы келіп ашты. Абай мұражайы да жақсы. Өткен жылы ашылған Түркістандағы тарихи-мәдени этнографиялық орталық та ерекше. Мұның бір ерекшелігі, облыс әкімі Асқар Мырзахметов маған өтініш жасағанда аумағы 3500 шаршы метрлік ғимаратта бірде-бір жәдігер жоқ болатын. Содан бас аяғы алты айдың ішінде екі мыңдай жәдігер жинап, мұражайды жасап шықтым. Қытайға, Түркияға, Өзбек-



танға бардым, елді араладым. Орталықты Елбасының өзі келіп ашып, разы болды. Жәдігерді жинап әрі экспозицияны құрып шығу-Қазақстан түгiлi ТМД аумағында бұрын-соңды болмаған жағдай,-дейді бір естелігінде даңқты суретші. Аманжол ағамыз 1991 жылдан 2006 жылға дейін 14 жыл Қазақстан Дизайнерлер одағының вице-президенті, әрі Алматы қаласының бас дизайнері болды. Өзі басқарған фирмасы «Этнодизайн Қазақ» деп аталады. Өмірден өткенге дейін Қазақстан Дизайнерлер одағының этнодизайн саласын басқарып кетті. Қоғамдық негізде Қазақстан Дизайнерлер одағы Алматы қалалық филиалының басшысы болды. Адал еңбектерінің нәтижесінде атақ-дәрежеден кенде болмады. Сонау 1976 жылы Бүкілодақтық комсомол сыйлығын алды. ҚР мәдениет қайраткері, Созақ, Түркістан аудандарының Құрметті азаматы, осылай жалғаса береді. Қазақтың ұлттық дизайнының бір саласы-киіз үй. Киіз үй-қазақтың киелі өнері. Ол тек

сүйегі мықты болады. Ол жүз жылға жетеді. Тіл болмаған жерде ұлттық құндылықтарыңыз далада қалады. Аманжол ағаның бірде былай дегені бар еді: «Біз ұлттық құндылықтарымыз, ұлттық жәдігерлеріміз ешкімнен кем емес. Бірақ біз соны дәріптеу, қолдана білу, көрсете білу жоқ. Ұлттық құндылықтарымыз өзбек пен салыстырғанда он есе демесек те бірнеше есе жоғары. Бірақ оны көрсете алмаймыз.

Неге? Оның себебі біреу-ақ. Бізде ұлттық идеология жоқ. Ұлттық идеологияның аясына тіл, әдеп-ғұрып, ұлттық қолөнер т.б барлығы енеді. Өзгесін айтпағанда, бізге тіліміздің өзі керексіз болып қалды ғой. Ал тіл болмаған жерде ғұрпыңыз да, мәдениетіңіз де, ұлттық дизайныңыз да далада қалады. Оның орнына шет елдің брендин алып отыра бересіз. Ал енді Өзбекстанда олай емес. Олар-бір тілде сөйлейтін, бір идеологиясы бар мемлекет. Байқап қарасаң, олардың айналдырған 4-5-ақ ұлттық элементі бар. Әйгілі атласы, пиялай-шайнегі, сосын пы-

жолда қалдырады. Аман не, әлгінде айтқанымдай, ұлттық идеология, ұлттық мақтаншы, намысымыз жоқ. Бұл үшін алдымен өзімізден, өз отбасымыздан бастайық. Жаңағы айтып отырған сөзіңе біржағынан қосыламын. Әр оюдың пайдаланын жері болады. Мысалы біздегі дүмше біреулер тұскиізге салынатын оюды шапанға апарып жапсырып қояды. Әйтпесе айырқалпақты алайық. Айырқалпақ жай қалпақ емес. Ол «ритуальный» қалпақ. Оны тек хандар, сұлтандарға ғана киетін болған. Енді қазір оны кім көрінгенге кизігуде, сөйтіп, ұлттық құндылығымыздың бағасын түсіруде. Шапан да-сондай қасиетті нәрсе. Оқалы шапанды да кім болса соған кигізбеген. Бүгінде оның құнын түсіріп жіберді. Ал енді әлем-жәлем қылмай, ерлерге, әйелдерге арнап әдімілеп тігіп берсең неге кимеске?! Мысалы қазір италиялық аяқ киімдерде қазақтың ою-өрнектері жүр, кәрістің киносына қарасаң, оларда біздің ою-өрнектерімізді пайдалануда. Мұны «өндірістік шпионаж» дейді. Неге біз өз құндылықтары-



баспана ғана емес, тұнып тұрған фәлсафа. Алғаш 1988 жылы Өзағанның басшылығымен наурыз мерекесіне киіз үй тігеді. Бұл араға алпыс жыл салып Наурыз мейрамымен қайта қауышқан кезіміз еді. Содан бастап киіз үй жасаумен айналысады. Осыдан 8-9 жыл бұрын «Көшпенділер» фильмін түсірген кезде 162 киіз үй тігіп береді. 2002 жылы Францияға 10 үй алып барып, «Қазақ ауылын» көрсетеді. Президенттің өзіне он шақты рет үй тігеді. Сол жылдары елдегі ең таңдаулы деген үйлерді Аманжол ағамыз тігеді. Киіз үйді Аманжол ағамыз сәмбі талдан жасайды екен. Ол үйдің

шағы. Соны әлдеқандай қылып көрсетеді де жатады. Ендеше тағы да өзбекпен салыстырайық. Қай өзбекті қарасаң да басынан топысын, сосын шапанын тастайды, Өйткені күнделікті өмірде киюге ыңғайлы. Базарға барса да күнделікті шаруасына да киіп жүреді. Ал біз шапанымызда той-жиында иыққа жапқанымыз болмаса, кие алмаймыз. Өйткені қолайсыз, ыңғайлы емес. Біздің түйе жүн шекпеніміз ала шапаннан он есе мықты, он есе сәнді, тиімді әрі пайдалы. Егер ниет танытып жатсақ, құдайға шүкір, түйенің жүні жетеді. Біздің тақиямыздың да бірнеше түрі бар. Әдемілігі жағынан өзбектің топысын

мызға өзіміз ие бола алмаймыз?! Қымыз да кетті, қазы да кетті, көкпардан да айырылды. Көкпар қазір ауғандардың ұлттық ойыны болып жүр,-деп қынжыла айтқаны да көз алдымызда. Қалай десекте, артында ұрпағы, ізбасарлары бар да Аманжол ағамыздың әлем мойындатқан құнды дүниелері мәңгілік жасай бермек.

С.Қожанов атындағы Созақ аудандық музейінде Аманжол Найманбайдың 75 жылдығына орай еске алу кеші өтті. Кешке Аманжол Найманбайдың туыстары, Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектептің басшылары мен бір топ мұғалімдері, ауданымыздың түкпір-

түкпірінен суретшілер, қол өнершілер, «Көркем еңбек» пәнінің мұғалімдері, ауыл тұрғындары, БАҚ өкілдері, жас суретшілер қатысты. Алдымен іс-шара қонақтары музейдің екінші қабатында жасалған көз жауын аларлықтай суретшілер мен қол өнершілер көрмесін тамашалады. Әрі қарай кешті музей басшысы Ниязәлі Дүйсенбек ашып: -Бүгінгі бұл Аманжол ағамызды еске алу шарасы, Аманжол ағамызды тану бағытындағы алғашқы қадам, игілікті жұмыстар әлі жалғасын таба береді. Біз бұл шараны ай көлемінде жүргіземіз. Ауданның бар мектептері мен оқу орындарының оқушылары шақырылып, суретшінің өмірбаяны мен шығармашылығын насихаттай береміз,-деді. Ш.Уәлиханов мектебі дизайнердің туыстары атынан музей қорына табыстаған құнды жәдігерлер негізінде Аманжол Найманбай бұрышы дайындалып, лента қию салтанаты ұйымдастырылды. Шара барысында ағалары Шаймерден Айтпанбетов, Тұрсынбай Найманбаев, замандасы Мұқан Ыбыраев, Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебінің директоры Бекжан Түйешіұлы, Қазақстан Суретшілер Одағының мүшесі Ақмарал Байғараева, суретші Сәрсенбек Көлшімбаев бастаған суретшілер тобы көрнекті дизайнер жерлесіміздің шығармашылығы жайлы өз ойларын ортаға салып жатты. «Созақ үні» газетінің редакторы Теңізбаев Сәрсенбек ағамыз екеуміз, «Созақ аудандық әйелдер кеңесі» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Гүлдана Бигондиева тұщымды естеліктерімізбен бөлісіп, кештің өлке руханиятына қосар үлесі мол екенін айтып өттік. Ақмаралдың талантты шәкірттері, Назір Төреқұлов атындағы ақпараттық технологиялық лицейінің оқушылары кеш барысында сурет салып, шығармаларын келушілер назарына ұсынды. Жас шеберлердің туындылары көрермендердің ықыласына бөленді. Музей тарапынан Н.Дүйсенбек жас суретшілерге Алғыс хаттар тапсырды. Ұлт өнерінің білгірі Ақселеу Сейдімбектің Аманжол ағаға арнап айтқан: «Бүкіл саналы өмірі мен қажыр-қайраты, Тәңір берген дарыны мен арман-аңсары ұлтының жадын жаңғыртуға, халқының қадір-қасиетін әспеттеуге арналып келеді. Бұл жолда оның шамырқанбай іс бастаған, шабыттанбай тұяқ қимылдатқан кезі жоқ. Ол тындырған істерді ой көзімен шолғанда еріксіз сүйсінесің, таң қаласың, жан жүрегің мақтаншы сезіміне бөленеді, ел-жұрттың ертеңіне деген сенімі орныға түседі» деген сөздері ескерткіштей ұрпақ санасына қашалып жазылары анық. Қазақстан мәдениетіне еңбегі сіңген қайраткер, ұлттық этнодизайнның негізін қалаушы профессор Аманжол Найманбайдың туғанына 75 жыл толуына арналған кеш кереметтей өткен кеш болды. «Сырлы Созақтың сырбаз ұлы Аманжол-этнодизайн саласына тың жол салған, ұлы жол салған, мәңгілік өлмес жол салған ұлы дарын иесі!» деген теңеуімді тарих қойнауына жолдадым.

**Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.**

# БАҚЫТЫН ЕҢБЕКТЕН ТАПҚАН ҰСТАЗ

Кешегінің көзіндей, асылдардың сөзіндей болған ардақты ұстаздық жол, мәртебелі мұғалімдік мамандық қашанда қадірлі кәсіптердің бірегейі. Осы бірегей кәсіп жолында бірнеше он жылдықтарды сынып бөлмесінде өткізген ауылына ардақты ұстаздар туралы біз мақалалар мен естеліктерді жиі жариялап тұрамыз. Сондай ауылы мен ағайындарының арасында, өзі тәрбиелеп білім нәрін саналарына қызып жатқан шәкірттерінің, мектептердегі әріптестерінің алдында абыройы асқақ мұғалімдердің бірі-Фани Мұратбаев атындағы жалпы орта мектебінің математика пәні мұғалімі Гүлназ Көшербайқызы Қарғабаева. Гүлназ Көшербайқызы 1967 жылы 19 қыркүйекте Қарақұр ауылында дүниеге келген. 1974 жылы мектеп табалдырығын аттап, 1984 жылы №13 Ф.Энгельс атындағы орта мектепті аяқтаған. 1984 жылы Мұхтар Омарханұлы Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтының «Математика» факультетінің сырттай оқыту және дайындық бөліміне оқуға түседі. Сөйтіп бір жыл дайындық курсына оқып алдағы күрделі емтиханға дайындалады. Ұстазы біздің әулетіміздің жиені, облыс, республикаға танымал ұстаз Есен аға Мұсабеков болатын. Аталған оқу орынын 1992 жылы 22 мамырда оқып бітіріп шығады. Оқу орнын сырттау оқып жүріп 1987-1989 жылдары Ф.Энгельс атындағы орта мектептің кітапханашысы болып еңбек жолын бастайды. 1988 жылы Таласбаев Бақыт есімді қозмолдақтық азаматпен отбасын құрайды. Бақыт ол уақытта Ф.Энгельс атындағы совхоздың ауылдық ауруханасында жұмыс атқаратын. Жанжа жағдайына байланысты Қозмолдақ ауылына қоныс аударып, сол ауылдағы Фани Мұрат-

баев атындағы орта мектебіне 1990 жылдан бастап математика пәнінің мұғалімі болып жұмысқа орналасады. Сол аталмыш мектепте бір орнынан қозғалмай 33 жылдан бері математика пәнінің мұғалімі болып ұстаздық ұлы жолды абыройлы атқарып келеді. Гүлназдың әкесі Көшербай көкеміз көп жылдар ұстаздық қызмет атқарса, анасы Әлжанқызы Тұрсынқұл шаруашылықта түрлі жұмыстар атқарды. Бір отбасында алты ұлдың ішіндегі жалғыз қыз болса да өз тағдырын, болашақ кәсібін, келешек өміріне бей-жай қарамай жауапкершілігі мол, білімі мен біліктігін көтеруге құштар болып өсті. Аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің, кәсіподақ ұйымының, ауыл әкімінің, мектеп ұжымының алғыс хаттарымен, Құрмет грамоталарымен марапатталды. Ұстаздық қызмет жолында сынып жетекшісі ретінде бес рет түлектер ұшырды. Түлектерінің алды өзі қатарлы тәуелсіз еліміздің дамуы мен өркендеуі жолында табысты еңбек етіп жүр. Гүлназ Көшербайқызы мектептің қоғамдық жұмысына араласып, 30 жылдан астам уақыт қыздар кеңесінің төрайымы болып белсенді жұмыс жасады. Отбасында Еркебұлан, Дархан, Бекзат, Едіге атты төрт ұлы мен Жансая атты бір қызының тәрбиесі бар, тамағы бар, сабағын қадағалауы бар, өзінің сабағы бар әйтеуір барлығына үлгеріп келді. Қазіргі күні ұл-қыздары отбастарын құрап, жеке-жеке шаңырақ көтеріп жатыр. Жұбайы Бақыт Бердібайұлы ұзақ жылдар кеңшар шаруашылықтарында жұмыс жасады. Соңғы жылдары, яғни 2007 жылдан бері «Русбурмаш» біріккен кәсіпорны Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде еңбек етіп келеді. Айша, Әмина, Асылзат,



Алан, Рахманқұл, Сұлтан, Ерасыл, Ахмедияр атты немерелерінің шуақты күлкісіне шомылып бақытты ғұмыр кешуде. Бақыт пен Гүлназдың аналары Бибіраба, Тұрсынқұл апарларымыз шөберелерінің қолдарынан май жалап, қуанышты күндердің куәсі болып отырған ардақты аналар.

Гүлназ апай ұжымымыздағы білімді, беделді ұстаздарымыздың бірі. Бүгінгі таңда мектептегі ұстаздардың арасындағы жасы үлкендері қатарындағы аға буын саналады. Қоғамдық жұмыстарға белсенді болды. Облыстық, аудандық байқауларда шәкірттері жүлделі орындарға ие болып жүр. Біз мектеп басшылығы Гүлназ апайдың елеулі ерен еңбегін ерқашанда бағалаймыз, әрі құрмет тұтамыз. Оқушылардың

білімі мен тәрбиесі туралы да жиі ақылдасып отырамыз. Сондықтан аға буын қашанда ақылман буын, білгендерін жас ұстаздарға үйретіп отырады. Былайша айтқанда Гүлназ сиықты аға буын ұстаздар шәкірттерге ғана білім беріп қоймайды. Жас ұстаздарға да біліктігі мен білімдерін көтерулеріне көмектесіп тұрады,-дейді мектеп басшысы Оразхан Жұбаев.

Біз ұстазымызбен мақтанамыз. Мен де ертеңгі күндері киелі мектебіммен қоштасып болашаққа қанат қағып жатсам ұстаздық жолға түссем деймін. Егемен елдің болашақ жастарын білімді, саналы азаматтар қатарынан көргім келеді. Гүлназ апайым сияқты елдің құрметіне бөленер білікті кәсіби ұстаз болғым келеді. Гүлназ апай бізге әрбір есепті байыппен, байсалды, сабырлы қалыппен түсіндіріп, үйретуден жалыққан емес. Біздің алдымызда осы мектепті бітірген Гүлназ апайдың шәкірттері каникул кезінде келіп апайымызға сәлем беріп, ризашылықтарын білдіріп жатады. Мен де сондай Гүлназ апай сияқты елге сыйлы ұстаз болғым келеді,-дейді Фани Мұратбаев атындағы жалпы орта мектебінің оқушысы Досжан Беркінбаев.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға демекші бар ғұмырын ауылдың келешегі, тәуелсіз елдің болашағы саналатын азаматтарды тәрбиелеу, оқыту жолында тер төгіп жүрген ұстаздар қауымына елдің алғыс мен ақ батасы көктемгі ақ жауындай төгіліп тұр.

**Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ,**  
Созақ аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімі жанындағы ата-аналар комитетінің төрағасы.

## Орманды тілсіз жаудан сақтайық!

Күн жылына дала орман өрттері өршиді. Осыны ескере отырып, аудан халқын табиғи байлығымыз сексеуілді бейберекет шабудан және орман өртінен сақтануға шақырамыз.

Біз қай кезде де өзіміз өмір сүріп отырған қоршаған ортаға қарыздармыз. Өйткені таза ауа, мөлдір су, жасыл әлем баршасы адамзат баласына күш-қуат, салауатты денсаулық береді. Айналамыздағы орман тоғай, аң-құс қашанда жер анаың сәнін беріп тұрады. Десекте, адамдар тарапынан жіберіліп отырған олқылықтар ашкөздене жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-құсты атып құрту, өрт тудыру сынды табиғат байлықтарының өртке орануы адам қолынан жасалып отырған қылмыс демеске лажымыз жоқ.

Мемлекетіміздің «Жасыл аймақ» бағдарламасы бойынша табиғатты өрттен қорғау жұмыстары қолға алынып, көптеген шаралар өз деңгейінде жүзеге асырылып жатыр. Табиғаттың көркі айналамызды қоршаған саялы бақтар мен орманды дала-лар, сексеуілдер мен жыңғылды алқаптар екені белгілі. Алайда әрбір орман қорықшысы ғана емес әрбір аудан, ауыл тұрғындары өрт қауіпсіздігіне бей-жай қарамай өз қол ұшын беруі керек.

**Е.АРЫНОВ,**  
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.

Табиғаттың басты байлығы өсімдіктер, әсіресе қоршаған қалың орманды алқапты жоғалып, жойылып кетуден қорғап, жанашырлықпен қарап көзіміздің ағы мен қарасындай сақтауымыз керек. «Бір тал кессен, он тал ек», -деген қағида баршамыздың парызымыз деп санау қажет.Орманды алқапта, сексеуіл тепе-теңдікті сақтап, қатты соққан жауылды желден, көптеген апаттардан қорғап қалады. Қыстың қақаған аязды күндерінде жабайы аң – құстарға ықтасын пана болып, жейтін азық болатын естен шығармайық. Сондықтан орманды алқаптардың құрып кетіп, жоғалуына жол бермей, көзін жоюдан аулақ болайық.

Тойымсыздықпен, ашкөздікпен құртылған дүниенің орнына қайта келу көп жылдар еншісінде екені анық. Әсіресе орманымызды өрттен сақтау әрбірімізге зор міндет. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі –таза ауа екені баршамызға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп-өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз.

**Д.ШЕШЕНҚАРАЕВ,**  
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман шебері.

Орманда өрт шығу себептерін сараптағанда, көбінесе тұрғындардың, орманда демалушы азаматтардың кінәсінен болатыны тұжырымдалған. Сондықтан өрт қауіпсіздігінің ережелерін үйрету үшін үгіт-насихат жұмыстарын тек өрт сөндіру қызметкерлері ғана емес, олармен қатар қоғамдық мекемелер де жүргізуі тиіс. Орман шаруашылығының жұмысында өрт қауіпсіздігі өте маңызды орынды алады.

Үгіт – насихат тәрбие жұмыстардың түріне лекциялар, баяндамалар, мектепте, клубтарда, сауықтыру алаңдарда, туристік базаларда және бұқаралық мәдени орындарда өткізу жатады. Үгіт насихат жұмысты газет бетінде де өткізеді. Өмірден алынған мысалдарды келтіріп газет, радио, теледидар арқылы өрт қауіпсіздігі ережелерін түсіндіру қажет. Документалды кинофильмдер де үлкен әсерін тигізеді. Орманға барар жолдарда, демалатын жерлерде, орман жұмыстары жүріп жатқан жерлерде түрлі-түсті плакаттар, хабарламалар арқылы өртке қарсы тұру көркені насихаттың да маңызы зор. Дер кезінде, сапалы жүргізілген өрт қауіпсіздігінің шаралары орман сияқты халық байлығын өрттен аман сақтап қалуға ықпалын тигізеді. Табиғатқа шығып, таза ауада демалушы аудан тұрғындарына айтарымыз, қоршаған ортаны қорғау ережелерін қатаң сақтағандарыңыз абзал. Себебі, табиғат адамзаттың басты байлығы болып табылады!

Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өнуіне қарсы қауіпсіздік шараларын сақтасақ, Жер-Анамыздың алдындағы үлкен парызыңыз орындалғаны болар еді. Орман өртін болдырмау өз қолымызда жерлестер!

**С.ТАҢАТОВ,**  
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің аға орманшысы.

## Тағам өнімдерінің қауіпсіздігі

Тағам өнімдері қауіпсіздігіне, олардың Кеден одағы нарығында орналастырылуына қатысты талаптар негізінен Кеден одағының «Тағам өнімдері қауіпсіздігі туралы» техникалық регламентінде қарастырылған. Ол Кеден одағы комиссиясының 2011-жылғы 9-желтоқсандағы №880 шешімімен бекітілген. Техникалық регламентті қабылдаудағы негізгі мақсаттар: адамның өмірі мен денсаулығын қорғау, тұтынушыларды алданып қалуға, ұрынып қалуға апарып соғатын іс-қимылдардан қылаққағыс ету және қоршаған ортаны қорғау. Бұл техникалық регламенттің техникалық реттеуге жататын нысандары мыналар: тағам өнімдері, тағам өнімдеріне қойылатын талаптардан туындайтын тағам өнімдерін өндіру (дайындау) процестері, оны сақтау, тасымалдау, өткізу, сату және пайдаға асыру процестері.

Кеден одағы аумағында тағам өнімдері осы техникалық регламенттің және нақты тағам өніміне қатысты басқа да техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес болған жағдайда ғана нарыққа шығарылады. Осы техникалық регламенттің және нақты тағам өніміне қатысты басқа да техникалық регламенттердің талабына сай және сәйкестігі расталып рәсімделген тағам өнімдері Кеден одағы мүшелері мемлекеттері нарығында айналмалы қысқын беретін бірегей белгімен таңбаланады. Сәйкестендіру, бірегейлендіру мынадай әдістермен жүргізіледі: Өнімнің атауы мен оның пайдаланылуын тұтынушы орамында келтірілген таңбалаудағы ақпаратпен салыстыру арқылы анықтайды. Сондай-ақ анықтау тағам өнімімен бірге жіберілетін құжаттардағы осы техникалық регламентте және нақты тағам өніміне қатысты басқа да техникалық регламенттерде келтірілген белгілерін салыстыру арқылы жүргізіледі. Кеден одағы аумағында айналымдағы тағам өнімдері оны өнім өндіруші белгілеген жарамдылық мерзіміне сай пайдаланған жағдайда қауіпсіз болады. Тұтынушыларға айтарымыз, алынған өнімдеріңіздің таңбалауына мұқият қарауларыңызды схранамыз. Өнімнің шығарылған уақытына, жарамдылық мерзіміне, ЕАС, мемлекеттік тілде болуына, сыртының бүтіндігіне, ГМО жоқ екенін білдіретін белгісіне мән беріңіздер. Қауіпсіз өнімді таңдау өз қолыңызда!

**Е.ТӨРЕБЕКОВ,**  
Созақ аудандық СЭББ басшы м.а.

## Ғұмыры алғысқа толы азамат еді...



Созақ ауданының Құрметті азаматы Тұрабайұлы Аманжол 80 жасқа қараған шағында өмірден озды.

Тұрабайұлы Аманжол 1944 жылы 7 наурызда Құмкент ауылында өмірге келген. Осындағы Қ.Сәтбаев атындағы орта мектебінен білім алады. 1961-63 жылдары шаруашылықта №1 ферма жұмысшысы болып еңбек жолын бастайды. 1963-1969 жылдары Алматы қаласындағы Санжар Асфендияров атындағы мемлекеттік медицина институтын оқып бітірген.

1969 жылы аудан орталығы Шолаққорған селосындағы аудандық ауруханасында дәрігер, 1970-1997 жылдары аралығында Құмкент, Қаратау ауылдық ауруханаларында бас дәрігер қызметтерін атқарған. 2008 жылы зейнеткерлікке шықты. I дәрежелі дәрігер – терапевт, «ҚСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі», Қазақстан Республикасы, КСРО денсаулық сақтау министрліктерінің Құрмет грамоталарымен және бірнеше медалдармен марапатталған.

Аманжол ағамыздың отбасына, ағайын-туыстарына, көзін көрген замандастарына шаңырақтарына түскен қайғыларына ортақтасып көңіл айтамыз.

Асыл азаматтың жарқын бейнесі ел есінде мәңгі сақталады. Марқұм Аманжол ағамыздың жатқан жері жайлы, топырағы торқа, жаны жаннатта болсын.

**Мұхит ТҰРЫСБЕКОВ,  
Ордабек ЖӘМИЕВ,  
Қалдыбек ОРАЗОВ,  
Ақәділ САТЫБАЛДЫ,  
Қабылбек ЕСПЕНБЕТОВ,  
Фани ПАРДАБЕКҰЛЫ,  
Есен ДОСБӨЛОВ.**

## Хабарландыру!

Түркістан облысы, Созақ ауданы, Таукент кенті әкімдігінің басшылығымен 2023 жылғы 19 мамыр күні сағат 11:00-де Таукент кенті әкімдігінің ғимаратында (Таукент кенті) «Қазатомпром-SaUran» ЖШС кен орындарының тауарлық десорбаттарынан уранды тікелей пероксидті тұндыруды жүзеге асыру үшін аффинаж цехын қайта жаңарту» тақырыбында қоғамдық тыңдау өтеді. Тыңдаушылар жобаның метариалдарымен Түркістан облысы, Созақ ауданы, «Қазатомпром-SaUran» ЖШС орталық аппараты мекен-жайы бойынша таныса алады. Анықтама телефоны 8-778-096-00-00, ішкі. 40012. Жұртшылық өкілдері өз пікірлерін білдіре алады, ұсыныстарымен, ескертулерімен бөлісе алады және оларды қоғамдық тыңдаулар басталғанға дейін тапсырыс берушінің электрондық поштасына жібере алады- sauran@sauran.kazatomprom.kz

Под руководством Акимата поселка Таукент Созакского района Туркестанской области 19 мая 2023 года в 11:00 часов в здании Акимата поселка Таукент (п.Таукент) состоится общественное слушание по теме: «Реконструкция аффинажного цеха для осуществления прямого пероксидного осаждения урана из товарных десорбатов месторождений ТОО «Казатомпром-SaUran».

Слушатели смогут ознакомиться с материалами проекта по адресу: Туркестанская область, Созакский район, рудник «Канжуган» ТОО «Казатомпром- SaUran». Телефон для справок 8 778 096 00 00, внутр:40012.

Представители общественности могут выразить свое мнение, поделиться предложениями, замечаниями и отправить их до начала общественных слушаний на электронную почту заказчика-sauran@sauran.kazatomprom.kz.

## Сенім телефоны

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» №410-V Заңы талаптары бұзылған жағдайда «Созақ ауданының Шолаққорған ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің 4-11-00 сенім телефонына хабарласуларыңызға болады.

**«Созақ ауданының Шолаққорған ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.**

## Ақ көңілді жан едің сен өмірде...



Тасты ауылының ардақты азаматы, асқар таудай әке, аяулы жар, қимас бауыр **Әбілдаев Ерлан Ергешұлының** фәни жалғаннан ақиқи өмірге аттанғанына да бір жылдың жүзі болыпты.

**Еске аламыз сағынамыз өзіңді,  
Ақ көңілді жан едің сен өмірде,  
Несе таадыр қысқа болып берілді.  
Сенің қайғың қаяу салар көңілге.  
Азамат ең атың мәлім ұлысқа,  
Туған жердің топырағымен тынысыта.**

**Ас береміз әруағыңа бағыштап,  
Құда-жекжат, ағайын, дос, туысқа,-дей отырып аяулы да асыл азамат Әбілдаев Ерлан Ергешұлының рух шәріпіне бағыштап Тасты ауылы Қазақстан көшесі, №11-ші үй, өз шаңырағында 6 мамыр қонақ асын, 7 мамыр жылдық асын беріп құран оқытатынымызды ағайын-туыс, құда-жекжат, көршілер мен ауылдастардың, Ерланның көзін көрген азаматтардың есіне саламыз.**

**Асқа шақырушылар:  
бауырлары, ұл-қыздары, жары, Ергешовтер әулеті.**

## Күн сәулесінің пайдасы

Күн сәулесінің жас балалардың денсаулығына тигізер пайдасы мол. Мәселен, жас балалар жаз кезінде көбіне далада ойнайды, оның денесінің өсіп жетуі де тез болады. Мұның бәрі күн сәулесінің пайдасын дәлелдейді. Баланың бойы да жаз айларында көбірек өседі. Күн сәулесі жер бетіне жеткенде, үшке бөлінеді: жылылық сәулесі, көзге көрінетін ақ сәуле және көзге көрінбейтін ультракүлгін сәуле. Бұлардың проценттік қатынасы жыл мезгіліне, тәулік уақытына, географиялық орнына қарай өзгеріп отырады. Қарашадан бастап ақпан айына дейін біздің Қазақстанда ультракүлгін сәуле жоққа жақын. Наурыз айынан бастап ол сәуле молая береді де, маусым, шілде айларында көбею шегіне жетеді. Одан кейін керісінше азаяды. Тәулік ішінде сағат 10 - нан бастап сағат 13 - ке дейін көп болады да, 15 сағаттан бастап азаяды. Ультракүлгін сәуле баланың денсаулығын күшейтіп, шынықтырады. Сол сәуленің нәтижесінде өсіп келе жатқан баланың денесіне өте қажетті фосфор мен кальций минералдары сіңеді. Ал бұл минералдар – бала сүйегінің негізгі құрамы. Бұлар жетпеген жағдайда олардан мешел ауруы пайда болады.

Жас баланы күннің көзіне сағат 10 - 12 - нің аралығында шығару керек.

Күн сәулесінің адам ағзасы үшін D дәруменінің ең жақсы көздерінің бірі. Адам ағзасы үшін маңызды коректік зат болып табылады. Кальцийді сіңіру үшін денеге D дәрумені қажет. D дәрумені сонымен бірге сүйектің өсуіне, иммундық жүйенің жұмысында маңызды рөл атқарады, адамның ұзақ өмір сүруіне әсер етеді.

Күн сәулесі демікпе дертімен ауыратын адамдар үшін де пайдалы.

Күн сәулесі кейбір тері ауруларына да пайдалы. Теміреткі, қышыма сияқты ауру түрлерінің қоздырғыштары күн сәулесіне төзімсіз болып келеді.

Күн сәулесінің әсерінен көңіл - күй көтеріліп жүйке жүйесінің қызметі жақсарайды. Зерттеулерге қарағанда оңтүстікке қарағанда солтүстіктің адамдары депрессияға көп шалдығады екен, бұл күн сәулесінің әсері болуы ықтимал. Күн көзінің тапшылығы жүйкенің әлсіреуі мен ақыл - ойдың төмендеуіне әкеледі.

Күн сәулесінде көп жүретін баламен күн тапшылығында өскен балаларды салыстырғанда күн ваннасын қабылдаған баланың есте сақтау қабілетін анағұрлым жоғары болады екен. Күн көзінде өскен адам есейген шақта да ұмытшақтықпен ауырмайтын болады.

Денің сау болу үшін күннің пайдасы өте зор екен, алайда зияны да жоқ емес. Ал күн сәулесінің зияны – адам ағзасына күн өтуі. Адамға қатты күн өтсе ауруға шалдығады. Өзіңізге жайлы уақытта таза ауаға, күн көзіне шығуды ұмытпаңыз!

**А.КУЛМЕНОВ,  
ҚР ДСМ СЭБК «УСО»ШЖҚ  
РМК ТО бойынша филиалы  
Созақ ауданының  
бөлімшесінің зертхана  
меңгерушісі.  
М.ТОЙШЫБЕКОВА,  
Санитариялық-гигиеналық  
зертханасының маманы.**

## 2023 жылғы қаңтар-наурызға Созақ ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуы

	2023 жылғы қаңтар-наурыз		2023 жылғы қаңтар-наурыз, 2022 жылғы қаңтар-наурызға, %-бен
	2023 жылғы қаңтар-наурыз	2022 жылғы қаңтар-наурыз	
Әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштер <sup>1)</sup>			
Халық саны, адам (2023 жылғы 1 наурызға)	63 157	100,8	
Туылғандар, адам	258	102,4	
Өлгендер, адам	54	98,2	
Иммигранттар саны, мың адам (келгендер)	184	86,4	
Эмигранттар саны, мың адам (кеткендер)	291	66,3	
Еңбек рыногы және еңбекақы төлеу			
Қызметкерлердің тізімдік саны, мың адам 2022 жылдың IV тоқсаны	18 154	103,1	
Бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы, теңге 2022 жылдың IV тоқсаны	403 498	119,4	
Ұлттық экономика			
Негізгі капиталға инвестициялар, млн.теңге	11 297,4	143,0	
Сауда			
Бөлшек сауда тауар айналымының көлемі, мың теңге	598 642	101,2	
Көтерме сауданың жалпы көлемі, мың теңге	91 370	100,3	
Экономиканың нақты секторы			
Өнеркәсіп өнімінің (тауар, қызмет) көлемі,мың теңге	114 112 544	96,2	
Жалпы ауыл шаруашылығы өнімінің (қызметінің) көлемі, млн. теңге	3 867,1	103,6	
Құрылыс жұмыстарының көлемі, млн. теңге	3 297,2	9,4 есе	
Іске қосылған тұрғын үйлер, м <sup>2</sup>	5 254	100,8	
Қаржы жүйесі <sup>2)</sup>			
Кәсіпорындардың дебиторлық берешегі, млн. теңге	334 028,1	138,4	
Кәсіпорындардың міндеттемелер бойынша берешегі, млн. теңге	142 689,6	105,5	
Өндірілген өнім көлемі, млн. теңге	213 800,5	104,7	

<sup>1)</sup> 2023 жылғы қаңтар-ақпандағы деректер

<sup>2)</sup> 2022 жылғы IV-тоқсандағы деректер ірі және орта кәсіпорындар мен ұйымдар бойынша

## КӘСІПОРЫНДАР СТАТИСТИКАСЫ 2023 ЖЫЛҒЫ 1 СӘУІРГЕ ТІРКЕЛГЕН ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР

Меншік нысандары бойынша тіркелген заңды тұлғалар

	бірлік	
	2023 жылғы 1 сәуірдегі	2022 жылғы 1 сәуірдегі
Барлығы	474	104
Мемлекеттік	370	1
жеке	1	9
Мемлекеттің қатысуымен (шетелдің қатысуынсыз)	1	-
Бірлескен кәсіпорындар (шетелдің қатысуынсыз)	9	-
шетелдік	-	-

Созақ АСБ

## ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛЕР МОНИТОРИНГ

Аудандағы шағын және орта кәсіпкерліктегі белсенді субъектілерінің саны 2023 жылдың 1 сәуірге 4792 бірлікті құрады.

2023 жылғы 1 сәуірге шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны

Жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің барлығы	оның ішінде				Шаруа (шаруа-фермер) қожалықтары
	ШОК заңды тұлғалары <sup>1)</sup>	дара кәсіпкерлер <sup>2)</sup>	2023 <sup>1)</sup>	2022	
2023 <sup>1)</sup>	2022	2023 <sup>1)</sup>	2022	2023 <sup>1)</sup>	2022
4 792	3 155	282	253	3 291	1 846
		1 219	1 059		

<sup>1)</sup> Жедел деректер.

<sup>2)</sup> Статистикалық бизнес-тіркелім деректері.

Созақ АСБ

## ХАЛЫҚТЫҢ АУРУ-СЫРҚАУЛЫҒЫ

2023 жылғы қаңтар-наурызға халықтың жекелеген жұпалы ауруларға шалдығуы (100 мың адамға шаққанда)

ІКА тобы	Бруцеллез	Жітті вирустық гепатит	Жоғары тыныс жолдарының өткір жұқпалары	Тумау	Менингококк жұқпалы	Тыныс жолдары туберкулез	Мерез
3	-	6	18 407	-	-	6	6

\*ҚР ҰМ ТҚ ҚО ТҚД деректері бойынша.

Созақ АСБ

## ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ

2023 жылғы қаңтар-наурызға ауырлық сипаттары бойынша тіркелген қылмыстар саны\*

Тіркелген қылмыстар барлығы	соның ішінде ауырлық сипаттары бойынша				
	ауыр	ерекше ауыр	ауырлығы орташа	онша ауыр емес	қиянқылдықтар
33	9	-	15	6	3

\*Түркістан облысы бойынша құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитет басқармасының мәліметтері бойынша.

Созақ АСБ

Егізтай ағамыздың өмірден озғанына да қырық күннің жүзі болыпты. Аузын ашса жүрегі көрінетін. Ойлағаны ауыл мен ауылдастарының қамы, айтатыны ауылдың ертеңі, бір жақсы іс болса тек ауылға деп жүретін. Ол кісі Құрметті азамат атағын ресми түрде алмаса да, төс белгісін кеудесіне жарқырата тақпаса да елі мен жұртына Құрметті болды. Егізтай ағаны ел-жұртымен егіз еді, етене еді десем ешбір адам бұл сөзімді жоққа шығара алмасы анық еді. Сондықтан да тақырыбын осыған үндес етіп қойдым.

Арасында өлең жазып қоятын өнері де бар еді. Талай жылдар ауыл мәдениетіне, көріктендіру, көркейту, ауыл үшін абаттандыру жұмысына өлшеусіз үлес қосты. Ұл-қыздарына да жақсы тәрбие берді. Қайсыбір жылдары ауылдағы еңбек адамдарын насихаттау, олардың ерен еңбегіне лайықты құрмет көрсету шараларын ауыл ардагерлерінің төрағасы Садық ағамызбен бірлесіп ұйымдастырып, елдің ри-

алдына жеке бір отар майда мал алып шығады. Нәтижесінде, қатарынан 5 жыл әр аналық саулықтан 140-150-ден қозы алып, 1981 жылдың май айында сол тұстағы астана Алматы қаласында өткен малшылар съезіне делегат ретінде үш шопанның бірі болып барып, қатысып қайтады. Егізтай аға 1975-1982 жылдар аралығында жеті жылдай шопандық таяқты ұстап еселі еңбек етеді. Алайда ол уақыттағы заман талабы негізінде басқа салаларды да байқап, бағамдап көргісі келеді. Сол оймен 1983 жылы шопандық кәсіптен мәдениет саласына ауысып, Бабата ауылындағы клубқа меңгеруші болып қызметке тұрады. Содан 70 жылдық тарихы бар одақ ыдырап, еліміз егемендігін жариялаған жылдары тоқырау орнына еліміздің ертеңгі жастары үшін «Жастар» саябағын жасауға, оқушы балалардың қауіпсіздігі үшін жаяу жүргіншілер жолын салуға және орталық көшелердің барлығын жарықтандыруға мұрындық болды.



Құрмашылы Бақдәулет, Нұрдәулеттер жол салып берді. Онымен қоса қоршаған шарбақтың кіре беріс қақпасын да қоса істеп қос інілері қариялардың алғысы мен батасын алған еді. Тағы бір атқарылған келелі тірліктің бірі бұрынғы кесене алдындағы зиярат етушілер мен сырттан келген ағайындар ас беретін жайы тар болатын. Астаналық немере інісі Сақташұлы Бектас жанжасымен 300 адамдық үлкен жай салып берді. Бектас есімді азаматқа бүгінгі күнге дейін ел-жұрты шексіз алғыстарын жаудыруда. Қазіргі таңда әулие айналасы абаттанып келеді.

Егізтай ағаның ауыл жұртшылығы үшін әлі де атқаратын көптеген тірлігі бар еді. Мақсаты мен жобалары бар еді. Әттең өмір заңы осылай демекші, тағдыр жолы қысқа болды. Ауыл жұрты Егізтай ағамыздың өмірден озғанын енді ұғынып жатқандай. «Егізтай болғанда бұл мәселені сол айтқан болар еді» деген сөз жиі айтылып жүр. Әрине ауыл болған соң

# Ел-жұртымен егіз еді Егізтай

зашылығына молықты. «Сөзақ үні» газетінің штаттан тыс тілшісі болған, Бабата ауылының биі болған Есбайлы Егізтай аға жайында жанды естелік айтсақ. Қырдың астында тымтырыс жатқан шағын елді-мекеннің өз қызықшылығы мен айтар жаңалығы бар. Ол жаңалықтар дер кезінде елдің құлағына жетпесе, қыр астында қымтанған күйі ұмыт қала беруі анық. Міне, осы тұста тынымсыз тіршіліктің түйінін шешіп, ойлы оқырман назарына татымды жаңалықтар мен ел ішіндегі елеулі әңгімелерді дер шағында редакцияға жолдап отыратын Егізтай Есбайлы тек тілші ғана емес, мысалдап, мысқалдап жазатын ақын еді. Ол кісінің арнау өлеңдерін, шағын шымыр шумақтарын, жарасымды өткір тілді әзілдерін аудандық газет бетіне жариялап, көпшіліктің ыстық ықыласына бөленгенін көзіміз көріп, құлағымыз есітті. Әрбір жыр жолдарында өзі жазған, арнау арнаған кейіпкеріне жастардың ұқсай білуі, ұнамды қасиеттері, іскерлік қабілеті, байыпты бастамалары шебер суреттелетін. Сол себепті де жазғансызғандары газет бетіне жариялауға сұранып тұратын. Егізтай Есбайлы ақын ғана емес. Ақынын ардақтаған өз елінің, туған жерінің жоғын жоқтаушысы. Қарақан басының қамы емес, қараша халықтың қарекетін басты мұраты мен маңызды мақсатына айналдырған жан болатын.

Аз-кем Егізтай ақынның өмір жолына үңіліп өтсек, 1949 жылдың 2 тамызы күні Өзбекстан мемлекетінің астанасы Ташкент қаласының іргесіндегі Бегамот ауданында туылған. 1953 жылы Баймұса атты туыстарының ықпалымен Қазақстан Республикасына, яғни Сөзақ ауданы Бабата ауылына көшіп келеді. Одан Жартытөбе ауылындағы «Октябрьдің 50 жылдығы» атындағы орта мектепті он жылдық орта біліммен тәмамдап шыққан. 1968 жылы совхоздың №2 фермасына, көмекші шопан болып жұмысқа орналасады. 1969-1971 жылдар аралығында СССР-дің «Хабаровск» қаласында әскери міндетін өтеп қайтқаннан соң, 1971 жылдан 1975 жылға дейін совхозда түрлі науқандық жұмыстар атқарады. Сол жылы өз

Өмірден озғанынша талмай еңбек еткен кейіпкеріміздің ертеңгі ұрпақты тәрбиелеуде де еңбегі ерен еді. Ол атқарған шаруалар игі істердің қатарына, кешелерге тас төсету, су мұрабы, падашы, малшы сайлау, жол, елдің көзге көрінбейтін қажетті сұраныстарын орындау жұмыстарын қосуға болады. Тоқырау жылдары әр ауылдардағы клубтардың жұмысы тоқтап, науқаншылықтың есебінен ауылдық клуб ғимараттары аукционмен жеке меншікке сатылып кетеді. Кітапханалар жабылып мәдениетіміз сүреңсіз кейіпке енеді. Егізтай Есбайлы облыстық жекешелендіру комитеті басшысы мен аудан әкімінің қабылдауларында бірнеше рет болып, нәтижесінде сыртқа сатылып кеткен клуб ғимаратын қайта қайтарып алады. Тіпті, мұнымен де шектелмей «Мәдениет жылы» аясында ғимараты жоқ кітапхананы аталмыш клубқа қосып алады. 2013 жылы зейнеткерлікке шықса да Егізтай Есбайлы аудан әкімінің қолдауына ие болып клуб ғимаратын күрделі жөндеуден өткізіп, жылу жүйесін де қалпына келтіріп алады. Міне, осындай игі ниетіне риза болған Бабата жұрты, Егізтай қарияға Ауыл биі деген жауапкершілігі мол, ақысыз, қоғамдық қызметті атқаруын лайық көрген еді. Сол ауыл биі кезіндегі Егізтай Есбайлының Жартытөбе жұртшылығы үшін атқарған игі істері елдің көз алдында. Аудан және ауыл әкімдерінің көмегімен Бабата ауылына телемұнара орнатылды. Қазіргі, таңда сол телемұнараның арқасында Жартытөбе жерінде ұялы байланыс заманауи талаптарға сай жұмыс жасап тұр. «Қазпоштаның» аудандық байланыс бөлімшесі басшысының қабылдауында болып, республикалық, облыстық және аудандық газет-журналдардың Жартытөбе әкімшілігіне қарасты ауылдардағы оқырманның қолына уақтылы тиюі үшін өз ұсынысын білдіріп, әрі сол ұсыныс аясында күрмеуі қиын мәселенің оң шешілуіне ықпал етеді. Осылай абырой мен бедел биігінде жүріп зейнеткерлік жасына да жетеді. Баласы осы салада оқып, білім алып әкесінен клубтың кілтін қабылдап алады. Кезінде жаңа мектеп ғимаратының құрылысын

жүргізуде сырттан келген қонақтар көрген сәтте көрнекті болсын деп, ауылдан жырақтау аумақтан тұрғызбақ болған. Оны бұрынғы ескі мектеп қасынан соғуға ұсыныс етіп, ол ауыл орталығында қалды. Қазір сол ғимарат шағын ауылдың шырайын кіргізіп, ауылдың орталығында қалды.

Ескі мектеп ғимараты аукционға түскенде, оны да алып қалып ауылдың бір азаматына беріп, саябақ ашып, сахна жасатып «Наурыз алаңы» етті. Қазіргі таңда ол жерде балалар ойын алаңы мен еңбек және соғыс ардагерлері аллеясы ел игілігіне айналып жұмыс жасауда.

Бабата ауылының ішінде 4 көшеге тас жол төсетті. Орталық көшеге мектеп оқушыларының қауіпсіздігі үшін аяқ жол салдырды. Осы көшеден бастап Ысқақ бап кесенесіне дейінгі жол бойы жарықтандырылды.

Ауылда халықтың жағдайына байланысты таксистерді арзан бағамен жүргізу мәселелерімен де жатпай-тұрмай айналысты. Нәтижесі де жаман болған жоқ.

Марқұм ауылдық мектепте ата-аналар комитетінің төрағасы, қамқоршылық кеңесінің төрағасы қоғамдық қызметтерін абыройлы атқарды. Әкімдік аппараты қоғамдастық кеңесінің мүшесі, және халықты әлеуметтік қорғау саласының комиссия мүшесі, тағы басқа қосымша да қызметтер атқарды. Егізтай Есбайлы би сайлаған жиында көптің тапсырған ұсынысының бірі «Ысқақ баба» кесенесінің келушілерден түскен садақа түсімін ретке келтіру болатын. Олар өздері бас болып, әр айдың аяғында сейфті ашып, түскен қаржыны санап, кесенеге керекті материалдарға жұмсайды. Мысалы, темір пештер, шай қоятын титандар тозығы жетіп тұр екен. Оларға керекті материалдарды алдырып темір дәнекерлеуші мамандарға істетеді. Сыртта дәм дайындау ошақтарын соқтырып, қазан-ошақ тұратын жердің төбесін жаптырды. Асхана алдындағы алаңға тас төсетіп, айнала шарбақпен қоршатып гүл ектірді. Аудан әкімінің ықпалымен өзеннен мотормен су тартқызып, екі жағын бау етіп, 300-ге жуық жас жеміс көшеттері егілді.

Сонымен қатар, қорымға баратын 600 метрдей жерге немере інілері

оның да өзекті мәселелері болады. Оны шешу, артынан іздеуші болу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Оған Егізтай ағамыз сияқты нағыз азаматтар керек. 1983 жылдан соттың заседателі, аудандық ардагерлер кеңесінің президум мүшесі, Бабата ауылдық учаскелік сайлау комиссиясының төрағасы, хатшысы қызметтерін атқарып, аудан басшылығы, жоғары сайлау комиссиясы тарапынан бірнеше алғыс хаттармен, мақтау қағаздарымен марапатталған еді.

Марқұм Егізтай ағамыздың әкесі Өтегенов Есбай мен анасы Сәрсенбекқызы Айша колхоздастыру кезінде шаруашылықта жұмыс істеген. Ата-анадан төрт ағайынды Сағынтай, Егізтай, Айсұлу, Қалдыби болып таратылады. Егізтай ағамыз жұбайы Тоғаева Назифа Қалдарбекқызы екеуі Жамбыл, Гүлжанат, Нұрсәуле, Жанболат, Гүлназ, Гүлзат есімді ұл-қыздар тәрбиелеп, олардан Алланың қалауымен немере-шөберелер өсініп келеді. Егізтай ағамыздың жары Назифа апамыз 1954 жылы дүниеге келген. «Алтын алқа» иегері. Әкесінің есімі Қалдарбек, анасының есімі Бибажар. Қайсыбір жылдарды жартытөбелік Бердібай мен бабалалық Темір ақсақалдың үйлері мен шолаққорғандық ағайынның үйі өртенгенде ел болып қаржы жинап көмек берді. Осы істің басында да марқұм Егізтай ағамыз жүрген еді. Бұл да елдің бірлігінің арқасы екені белгілі. Себепсіз ажырасқан жандар мен араздасқан ағайындарды татуластыру, жастарды қолдау, жетім-жесірлерге қол ұшын созу, түрлі мәдени-көпшілік, әлеуметтік шараларды ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасымен бірлесіп отырып шешетін. Жетпіс төрт жасында бақилық болған Егізтай Есбайлының еңбектерін ел білсін, өзге ауылдардағы ауыл билері мен ауылдық ардагерлер кеңесі керекті тұстарын өздерінің игіліктеріне жаратысын деген мақсатта жазып отырмыз. Жастарға тәлім-тәрбие беріп, қариялық міндетін абыройлы атқарып, елдің ризалығын алып ауылдың гүлденуіне үлес қосқан азаматтың жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын!- дейміз.

**Мақсат ҚАРҒАБАЙ.**

Сенімгерлік басқарушы:

**"Agro-sozak" ЖШС**

Меншік иесі-

**"Сөзақ үні" газеті редакциясы"**  
жауапкершілігі шектеулі  
серіктестігі

**Директор:**  
**Абилпаттаев Ержан**  
**Бакытжанович**

**Бас редактор:**  
**Теңізбаев Сәрсенбек**  
**Сайлаубекұлы**  
Жауапты хатшы  
**Мақсат Қарғабай**  
Редакция құрамы:

Аға тілші-  
Нұржамал МАЙУСОВА  
Тілшілер-  
Данияр БЕКОВ  
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ  
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ  
Дизайншы-  
Асхан БАҚТЫБАЕВ  
Терішші-  
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта  
аптасына 2 рет шығады  
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы:  
161000, Шолаққорған ауылы,  
С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30  
(факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №  
таралымы -  
3600 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.